



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы



**Б. Майлиннің 130 жылдығына арналған
«Халық тудырған талант...»
облыстық байқауы
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

Қостанай
2024

«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны»
өңірлік оқу-әдістемелік орталығы» КММ
КГУ «Региональный учебно-методический центр «Қостанай дарыны»
Управления образования акимата Костанайской области

**Б. Майлиннің 130 жылдығына арналған
«Халық тудырған талант...» облыстық байқауы
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**



**СБОРНИК РАБОТ
областного конкурса
«Талант, рожденный народом...»,
посвященного 130-летию со дня рождения Б. Майлина**

Қостанай қ.,
2024 ж.

Составители:

Рябинина Н.М., заместитель директора по организационно-массовой работе
РУМЦ «Қостанай дарыны»

Зайтинова Г.Е., старший методист РУМЦ «Қостанай дарыны»

Ергалиева Г.Ж., методист РУМЦ «Қостанай дарыны»

Айгужина А.Р., методист РУМЦ «Қостанай дарыны»

Талант, рожденный народом...: Сборник работ призеров областного конкурса
/составители: Айгужина А.Р., Ергалиева Г.Ж., Зайтинова Г.Е., Рябинина Н.М. –
Қостанай, 2024, 59 с.

В сборнике представлены работы учащихся – призеров областного
конкурса «Талант, рожденный народом...», посвященный 130-летию со дня
рождения Б. Майлина.

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

КІРІСПЕ	6
ВВЕДЕНИЕ	7
Эссе		
Сағынғын Нурдаулет	8
Байдүйсенбай қызы Ақбаян	-
Қожабаева Таңшолпан	9
Актанова Дильназ	10
Жиенгали Еркежан	11
Иниязова Жанерке	12
Сәден Жәния	-
Сивовол Маргарита	13
Зайнутдинова Алина	14
Шуватова Евгения	15
Пшеничная София	16
Кожухарь Дарья	17
Дюнаев Дамир	18
Авторлық өлеңдер		
Біләл Каусар	Халық тудырған нар Бейімбет	20
Наказнюк Михаил	Беимбету Майлину посвящается	21
Абдуллаева Назжан	Ақын жаны	22
Хыдырбекқызы Айзия	Еңсесі биік Биаға	23
Бейсембекова Айжан	Арнау	24
Мейрамхан Лунара	Алып тұлға	25
Альдикенова Камила	Бейімбет Майлинге арнау	26
Құрманбек Гүлзағира	Бейімбет Майлинге арнау	27
Әбілтай Айым	Мақтансақ бәкеңдермен мақтаналық	28
Алимжан Инабат	Ұлы тұлға Бейімбет	29
Тәңірберген Амина	Өшпес есім	30
Нургалиев Айдын	Хас шеберге	31
Усанин Никита	Гордость нашего края	32
Бехтемисова Томирис	В память о Беимбете Майлине	33
Кузьминчук Кристина	Беимбет	34
Нургазина Аяна	Би – ағама	36
Дорошко Виктория	Памяти Беимбета Майлина	37

Сатова Ақерке	Бәйтерегі қазақтың – Бейімбеті	38
Елдос Саят	Бейімбет ата	39
Амантай Дастан	Бейімбет – биік ақын	40
Таңатқан Ақнұр	Халық тудырған талант	41
Құрышбекова Үкілімай	Бейімбетім биік шыңы қазақтың	42
Сисенбай Жанерке	Би-ағаға арнау	-
Бердімұратова Әлия	Би ағама	43
Сардиванова Елизавета	Қасиетті Би аға	44
Нуркалиев Бекзат	Бейімбет ақын кім еді?	45
Нуркалиева Несвельды	Әдебиет майдангеріне	46
Лисовая Дарья	Патриот	-
Толеуиш Баян	Ақынға арнау	48
Болат Ақнұр	Бейімбетке арнау	49
Басанова Диана	Бейімбет атаға арнау	50
Нұржан Абылайхан	Халық тудырған талант	51
Амангельдинова Амина	Б.Майлиннің - 130 жас мерейтойына арнау .	-
Биркемелова Сымбат	Бейімбеттей ақын	52
Такмухамбетова Нұрдана	Бейімбет Майлинге арнау	53
Салихова София	Посвящение Беимбету Майлину	54
Бирваген Юлия	Святая память Беимбету	55
Рспаева Асем	Дара ақын!	56
Қайырбек Айым	Бейімбет Майлин	57
Жанабергенова Камила	Ақиқатты айналып өтпеген Би аға	-

КІРІСПЕ

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан жазушының бірі – Қостанай облысы Таран ауданының тумасы, жерлесіміз Бейімбет Майлин.

XIX ғасырдың аяғында дүниеге келген Бейімбеттің балалық шағы тар заманға дөп келді. Ата-анасынан ерте айырылып, туыстарын паналаған ол сол ағайындарының арқасында оқу оқып, мұғалім атанды. Кейіннен жазушы болып қалыптасты.

Биыл Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл толады. Ақын, жазушы, драматург, қоғам қайраткерінің әдеби мұрасы қазіргі қазақ әдебиетінің негізін қалады.

Жазушының мерейтойына орай «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы өткізген байқау біздің атақты жерлесіміздің шығармашылығына тағы да тоқталып, оның өмір жолының жарқын және қайғылы беттерін еске алуға мүмкіндік берді.

Облыстық «Халық тудырған талант...» байқауына Қостанай облысының 15 өңірінен 5-9 сыныптардың 87 оқушысы қатысты. Жұмыстар екі номинация бойынша ұсынылды: эссе және авторлық өлеңдер.

Өскелең ұрпақтың XX ғасырдың әдеби мұрасын оқып, зерделейтіні, өткен ғасырдың қатыгез 30-40-шы жылдарында бас сауғалай жүріп, әдебиетке үлес қосқан әрбір қаламгердің мұрасын сақтап, келесі ұрпаққа беру қажеттігін түсінетіні сүйсінтеді.

Байқауға қатысушылардың әрқайсысы Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығы туралы өз көзқарасын білдірді. Сіздерге олардың конкурстық жұмыстарымен танысуды ұсынамыз.

ВВЕДЕНИЕ

Одно из звучных имен среди казахской литературы XX века – имя Беимбета Майлина, нашего земляка, уроженца Тарановского района Костанайской области.

Как у многих казахов, родившихся в конце XIX века, детство и юность Беимбета Майлина было нерадостным. Потеряв родителей, он познал трудности сиротства, но, благодаря родным, смог стать образованным человеком, став учителем, а затем и писателем.

В этом году исполняется 130 лет со дня рождения Беимбета Майлина. Литературное наследие поэта, писателя, драматурга, общественного деятеля легло в основу современной казахской литературы.

Конкурс, проведенный Региональным учебно-методическим центром «Костанай дарыны» к юбилею писателя, позволил еще раз прикоснуться к творчеству нашего прославленного земляка, вспомнить и светлые, и трагические страницы его биографии.

87 учащихся 5-9 классов стали участниками областного конкурса «Талант, рожденный народом...» из 15 регионов Костанайской области. Работы были представлены в двух номинациях: эссе и авторские стихотворения.

Приятно, что молодое поколение знакомится и изучает литературное наследие XX века, понимает, что вклад каждого, кто жил в суровые 30-40-е годы прошлого столетия, нельзя переоценить, а нужно сохранить его и передать потомкам.

Каждый из участников конкурса представил свое видение жизни и творчества Беимбета Майлина. Предлагаем и Вам познакомиться с их конкурсными работами.

ХАЛЫҚ ТУДЫРҒАН ТАЛАНТ



Сағынғын Нурдаулет,
*«Қарасу ауданы білім бөлімінің
Жаныспай негізгі орта мектебі» КММ,
6 сынып*

Қазақ қашан да сөзді дәл тауып айтқан шешен халық. Бабаларымыздың «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген өсиет сөзі қаншама жылдар жылжып, ғасыр өтсе де өзектілігін жоғалтпай келеді. Сөз басын дәл осы оймен бастауым да өзіндік мәнге ие. Себебі, тарих беттерінде игілікті істерімен, нағыс тұлғалық келбетімен дараланған алыптар қайсар халқымыз жүріп өткен тарихта жоқ емес. Таланттылыққа ие тұлғала ізін ары қарай жалғастыру үшін жас ұрпаққа білім, ізденіс керек. Десе де, қазақ әдебиетінде Бейімбет Майлиннің жөні бөлек.

Тереңіне үнілсең, Бейімбет Майлиннің өсиетке айналған сөздері болсын, өз дәуіріндегі шешімдері - барлығы дерлік адам баласын ізгілікке, адамдыққа зер салуға үндейді.

Ойымды қорытындылай келе, Бейімбет Майлиндей дара тұлғаның ізі біздей ұрпаққа ізгі жолдың үздік нұсқасы дегім келеді. Ол өзінің бір сөзінде: «Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де - қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім», - деген екен. Меніңше, бұдан асқан қарапайымдылықтың, имандылықтық үлгісі кемде кем. Қаншалықты биік болсаң, хақыңның алдында соншалықты аласа балуға болатындығын осы бір ауыз сөзден аңғарып, түйін шығару бізге берілген бақыт деп білемін.



Байдүйсенбай қызы Ақбаян,
*«Амангелді ауданы білім бөлімінің
Жаңа ауыл жалпы білім беретін мектебі» КММ,
6 сынып*

Қостанай өңірі – тарихта аттары алтын әріптермен қалған тұлғалар мекені. Сары алтындай жайқалған астығы мен құнарлы топырағынан нәр алған не бір тұлғалардың ішінде халықтың сый – құрметіне бөленіп, «Би аға» атанған

жазушының орны еліміз үшін ерекше. Сондай ірі тұлға жайлы біз, кейінгі ұрпақ не білеміз?

Мен Бейімбет Майлин туралы «Үш бәйтерек» деген сөзді естіп, елі үшін еңіреген ерлерге жазықсыз жала жабылып, өлім жазасына кесілгенін ғана білетінмін. Сондықтан Би аға туралы көбірек ізденгім келіп, өмірі мен шығармашылығын оқыдым. Өмірін оқи отырып, кішкентай кезінен жетім қалып, өмірде көп қиыншылық көргенін білдім. Сол қиындықтарға мойымай білім алып, газет-журналдар баспасында жауапты қызмет атқарғанын және жиырма жасқа жетпей-ақ өзінің шығармаларын баспадан шығара бастаған. Шығармаларының тақырыптарын қарап отырсам, ауыл адамдарының күнкөрісі, олардың азапты өмірі жайлы жазған екен. Менің ойымша, жазушының қиын тағдыры да осындай шығармалар жазуға негіз болған шығар. Сондай шығармаларының бірі - «Күлпаш». Бұл шығармада ел басына түскен ашаршылықтың шындығы суреттеледі. Кейіпкерлердің аштық алдындағы дәрменсіздігі, әлсіздігі туралы айтылады. Ұлы мен күйеуін аштықтан алып қалу үшін Күлпаш амалсыздан Жұмағазы деген байға тұрмысқа шығады. Бірақ ол үйге барғаннан кейін Күлпаш өз үйіне бара алмай қалады. Баласын ойлап, қиналып жүрген ана екі кесек етін қойнына тығып апарғанда, бәрі тым кеш болады... Өте аянышты тағдыр, бұл әңгімені жыламай оқу мүмкін емес.

Осы әңгімені оқығаннан кейін түйген ойым - аштық ауыр азап. Бұл бір ғана кейіпкердің басынан кешкені, ал елімізде қаншама адам аштықтан қырылып қалды. Сондықтан менің басты арманым енді ешқашан аштық, соғыс болмаса екен. Осындай шығармаларды оқып, бейбіт өмірімізді бағалай білейік дегім келеді. Қазақ елі мәңгі жасасын!



**Қожабаева Таңшолпан,
«Қостанай ауданы білім бөлімінің
С.Көбеев атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ,
6 сынып**

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушы көркем сөз шеберінің бірі - Бейімбет Майлин. Әдебиеттің поэзия, проза, драматургия саласында бірдей еңбек етіп, көркемдік жағынан құнды, көлемі жағынан мол, тәрбиелік мәні зор мұра қалдырды. Қазақ әдебиетінде прозалық жанрды дамытуға Б.Майлин көп үлес қосқан суреткер. Ол шағын әңгімелерінде жарқын бейнелер жасаған.

Бейімбет Майлиннің шығармашылығы 1956 жылдан кейін ғана танылып, жан-жақты зерттеле бастаған. Оның прозасы өзіндік ерекшелігі, стилі, тілі, көркемдік айла – тәсілі бар ерекше проза. Оның прозалары жыл сайын дамып, ұлғайып отырған. Әдебиет жанрының дамуына қол ұшын созып, халықтың тұрмыс – тіршілігінің сан қырын өз шығармасына арқау еткен жазушы. Ол кісі

әдебиетіміздің барлық саласының әртүрлі жанрларында қызмет еткен. «Қазақ әңгімелерінің аса көркем үлгілері Бейімбеттің өзгеше мұрасынан танылатын» деген Мұхтар Әуезовтің пікірі жазушы шығармашылығына берілген әділ баға деп ойлаймын. Себебі, Бейімбеттей қарапайым халықтың тұрмысын, кедейдің басынан кешкен қиындығын, сол заманның өмірін дәл тауып суреттеген жазушы аз болған шығар. Эссе жазар алдында жазушының өмірін оқуға кірістім. Майлин кезінде Мәриам Хакімжанованың ақындық жолында көмек бергенін, үнемі қолдап жүргенін оқыдым. Нағыз талант өз білгенін үйретіп, тәжірбиесімен бөлісіп жүргеніне көз жеткізіп. Жазушы тағы да басқа жас ақын, жазушыларға қолдау білдіргеніне сенімдімін.

«Жақсының аты өлмейді», - дейді ғой дана халқым. Сұрапыл жылдары халық жауы атанса да, бүгінде еңбегі еленіп, шынайы талант иесі ақталды. Шығармалары мәңгі мұра болып, енді өлмесі хақ.

Бүгінде облысымызда Бейімбет Майлиннің туған жеріне, ауданына аты берілді. Халық талантты ұмытпас, бағасын ел берді. Енді оны әрі ұлықтау біздің қолымызда. Бейімбеттей классиктердің шығармасы өміршең.

Қорыта келгенде, Байімбет Майлин әңгіме жанрын ерекше әрлеп, классикалық биікке көтерген нағыз шебері қаламгер. Қаламгердің шығармалары қазақ әдебиетінің барлық саласын байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі жасайды. Шығармалары арқылы оқушылардың қазақ әдебиетінің проза саласына деген сүйіспеншіліктері арта түседі.

Мерей тойы қарсаңында жас ұрпақты әдебиетті сүйеге тәрбиелейтін шаралар кеңінен өтетініне сенімдімін.



Актанова Дильназ,
«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің
№2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебі» КММ,
5 сынып

Бейімбет Майлин – теңдесі жоқ әңгімеші ретінде де, әрі прозадағы сүйікті шығармаларды жасаушы ретінде де біздің тұңғыш зергер прозашымыз деп Ғабит Мүсірепов атамыз Бейімбет Майлиннің өнеріне зор құрмет көрсетіп суреттеген. Бейімбет ата – әңгіме шебері. Әңгімелерінен ел - жұртының мұң-мұқтажын арманын, әсіресе азаматтық - теңдік тақырыбын тілге тиек етеді. Бейімбет қазақ поэзиясында поэма жанрының өрісін ұзартып, өресін биіктете қомақты үлес қосқан. Соның бірі - «Мырқымбай» поэмасы. Мырқымбай бейнесі арқылы ақын сол кездегі қазақ кедейлерінің болмысын қоғам аясындағы тіршілік-тынысын суреткерлік шыншылдықпен жеткізе алған. Оның шығармалары өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол –

көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер.

Қазағымыздың кеменгер ақыны Бейімбет Майлиннің еңбектері бәрімізге аян. Бейімбет ата сол уақыттың көп мәселелерін көтере білген, тілінің жанашыры болған батыр ақын. Халыққа өз шығармаларымен жақын болған жерлесімізбен мақтанамын. Жерлесіміздің шығармалары қазақ жерінде асыл қазынаға айналып, мәңгі жасайтынына сенімдімін.



**Жиенгали Еркежан,
«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің
№2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебі» КММ,
5 сынып**

Кез-келген халықтың тарихи шежіресінде «Өз елінің – ұлы» деп айтылатын көптеген танымал тұлғалар бар. Ол – қазақ халқының ұлы, біздің жерлесіміз, қазақ әдебиетінің классигі, ақын, прозашы және драматург Бейімбет Майлин. Оның есімі қазақ тарихында алтын әріптермен жазылған.

Бейімбет Майлин отандық мәдениет пен әдебиеттің жарық жұлдызы. Биылғы жылы қазақ әдебиетінің классигі, қазақ жұлдызының туылғанына 130 жыл толып отыр. Ол Қостанай облысы, Таран ауданында қарапайым шаруа отбасында туып өскен. Жастайынан әдебиет саласына қызығып, өсе келе кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі болды. Себебі, ол Қазақстанның ұлттық шығармашылық зиялыларының жарқын өкілі, көпжақты мүдделі адамы.

Б.Майлин еңбек жасын мұғалім болып бастаған. Содан кейін халыққа білім берудің бөлімін басқарып, Қостанай губерниялық халық ағарту бөлімінің инспекторы болып жұмыс істеген. Сонымен қатар біз сияқты жас ұрпаққа әңгімелер мен очерктер, мақалалар көп жазған. Осы еңбектерінің арқасында Б.Майлин елде болған сауатсыздықты жою науқанының белсенді қатысушысы болды деп ойлаймын.

Бейімбет әңгімелері қазақ тарихының бейнелі көріністері іспеттес. Біз оның шығармаларын оқи отырып, жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақтың басынан өткен оқиғалардың куәсі болғандай әсер аламыз.

Қорыта келгенде, Бейімбет ағамыздың еңбегі ерекше, классикалық жағынан нағыз қаламгер. Сондықтан қаламгердің шығармалары қазақ әдебиетінде рухани асыл қазына ретінде мәңгі жасайды деп сеніммен айта аламын.



Иниязова Жанерке,
*«Лисаков қаласы білім бөлімінің
Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ,*
5 сынып

«Оқу – инемен құдық қазғандай» деген халқымыз. Оқу үшін қиналамыз, бірақ арманымызға сол оқу арқылы жетеміз ғой. Осы жайында Бейімбет атаның «Түйебай» әңгімесін оқып, біраз ой түйдім.

Автор бұл шығармада біз сияқты мектеп жасындағы бала. Ол өзінің балалық шағындағы қызықты сәттерді сипаттайды. Ол кезде қазіргідей мектеп жоқ, әңгіме кейіпкері басқа балалар сияқты молдадан сабақ алады. Молда қатаң, сабақты дұрыс айтпасаң, оңдырмай қамшымен ұрады. Бірақ кішкентай автор әжесінің еркесі, әлі таяқ жеп көрмеген бала. Ал онымен бірге оқитын Түйебай күнде таяқ жейді. Түйебайдың көрген қорлықтарын сипаттағанда, байғұс баланы шынымен де аяп кеттім. Бала қанша таяқ жесе де, мойымайды. Ал соңғы рет кешіккені үшін молда қамшымен ұрғанда, Түйебай өкіріп жылап жібереді. Осыдан бастап Түйебай сабаққа келмейді, әжесі оны жұмысқа салады. Әңгіменің соңында кішкентай автор мен қой баққан Түйебай кездеседі. Әңгімешіл бала Түйебайдың көзінен «Сен бақыттысың ғой!» деген сөзді оқиды.

Әңгімені оқығаннан кейін бұрынғы кезде кей молданың оқытқаны мәнсіз, түкке де керек емес оқу болғанын түсіндім. Қазіргі алып жатқан білімім басқаша қарай бастадым. Біз, шынымен де, бақыттымыз, себебі, білім алу қолжетімді, тек талаптансаң болды. Барымызды бағалайық! Егер Түйебай біздің заманымыздағы мектепке барса, оқып-үйреніп, бір жетістікке қол жеткізер ме еді?



Сәден Жәния,
*«Қостанай қаласы білім бөлімінің
М.Горький атындағы гимназиясы» КММ,*
6 сынып

«Би-аға», «Пірім менің – Би-аға» деп көп қаламгер кісілердің шын көңілмен, қадір тұтып жазған ой-пікірлері жиі кездеседі. «Аға» деу – үлкен құрметтің белгісі деп ойлаймын, және «аға» деген сенің ең жақын бауырың, саған жаны ашитын адам.

Осындай құрметке ие болған, халқымызға жанашыр адам кім болды екен?

Ол, расында, өз халқының ағасындай болған үлкен тұлға – Бейімбет Майлин ағамыз! Ғабит Мүсірепов айтқандай, «есімі аса талантты, соншалық мол дарын дарыған адамдардың шоқ жұлдыздай жарқыраған тұлғалардың бірі – Бейімбет Майлин».

Біздің белгілі жерлесіміз ақын Ақылбек Шаяхмет өзінің өлеңінде көп жылдан кейін ортамызға оралған Бейімбет Майлин туралы «...Сұңқар болып өз ұяна оралдың, Би-аға!» - дейді.

«Ақылыңнан айналайын, Би-аға,
Мен де тудым өзің өскен ұяда
Бірақ неге көз бұлдырап кетеді,

Өзіңе ұқсап көз жіберсем қияға» - деп,

ағамыздың қиын тағдырын жыр жолдарына қосады. Өйткені Бейімбет репрессия жылдары «халық жауы» деген жаламен тұтқынға алынады. Ол өзі жырлаған заманның құрбаны болған асыл тұлғалардың бірі, Бейімбет Майлиннің «Алаштың ұлын, Күшейтіп құнын, сүйреуге көкке даярмын» деген сөздері оның қазақтың біртуар ұлы екенін білдіреді. Менің ойымша, Бейімбеттің тағдыры – халықтың тағдыры. Еліміздің ақын – жазушылары үшін «әрі Пушкин, әрі Гоголь» атанған оның шығармалары үлкен қазына болып табылады. Бейімбет Майлин халықтың ерлікке деген сезімін аятып, отанын сүйуге шақырады. Әсіресе, балалар үшін бұл тақырыпта жазылған шығармалардың тәрбиелік мәні зор. Би-аға бізге өмір шындығын көрсетіп, өмірлік сабағын береді.

«Қазақ боп іс қыл,

Бірлікпен күш қыл!

Күнің осы әлденген!» - деп

халықтың қамын ойлап, жақсылыққа үндейтін адам «халық жауы» болар ма?! «Бейімбет жау болса, мен де жаумын» деген Ғабит Мүсіреповтың сөзі бар.

Бейімбеттің осы өлең жолдары қазіргі уақытта да өте маңызды және өзекті деп ойлаймын. Ештеңе ойламай, ойын қуып жүрген жастарға зиян әдеттерден аулақ болып, іскерлікке, бірлікке ұмтылыңдар деп айтқым келеді.



Сивовол Маргарита,
КГУ «Общеобразовательная школа №10
отдела образования Житикаринского района»,
5 класс

*Тобол течет сквозь лето,
И солнце обнимает Беймбета
Носил он гордо жизненную ношу,
Достойную великого поэта.*

Мое знакомство с этим писателем началось не с чтения его книг, а с посещения Костанайского областного историко-краеведческого музея.

Нас провели в выставочный зал «Гордость земли Костанайской», и женщина-гид рассказала о великом сыне казахского народа, нашем земляке, классике казахской литературы – Беимбете Майлине.

Я узнала, что Беимбет Майлин родился и вырос в Тарановском районе Костанайской области в семье бедного скотовода. Несмотря на бедность, бабушка Байдас отправляет внука учиться в аульное медресе, затем в школу «Уазифа» в Троицке и потом в Уфу.

Во время учёбы Беимбет начинает писать стихи, позже рассказы и повести.

О чем же он писал? Он писал о жизни, обычаях и традициях казахского народа, открывая миру богатство и красоту казахской культуры.

В нашей школьной библиотеке я нашла его стихотворения: «В степи», «Дай руку, Мыркымбай», «Аул цветёт - мы цветём».

Это молодость поёт
В честь свободного труда
Так бесправный мой народ
Стал владыкой навсегда!

Майлин в своих произведениях всей душой и сердцем воспевал родной аул, родной народ и край.

130-летие Б.Майлина – это повод вспомнить его великий вклад в казахскую литературу и культуру и оценить его талант, который был рождён народом.

В память о великом писателе в Костанайской области утвердили стипендию имени Б.Майлина для молодых литераторов.

В областных театрах ставят постановки, посвящённые жизни Б.Майлина, спектакли по его произведениям. И это радует!

Творчество и личность Беимбета Майлина продолжают вдохновлять молодое поколение казахстанцев и вызывать у них глубокое уважение к своей культуре и истории.



Зайнутдинова Алина,
*КГУ «Общеобразовательная школа №12
отдела образования Житикаринского района»,
6 класс*

*Буду писать, пока в руке
будет держаться перо...*

Б.Майлин

Костанайская земля подарила миру немало писателей и поэтов. И среди них одно из самых почетных мест, бесспорно, занимает Беимбет Майлин.

Бимухамет (именно так назвали его при рождении) родился в ауле Актобе Кустанайского уезда (ныне район Беимбета Майлина Костанайской области) в бедной семье. Все в округе называли мальчика Беимбетом, что в переводе означало «повелитель», «султан». Его отец рано умер, и воспитанием мальчика занимались мама и бабушка. Именно бабушка привила маленькому Беимбету любовь к поэзии и заметила в нем зарождающийся талант.

Выучившись в уфимском медресе «Галия», Беимбет вернулся в родной аул и обучал грамоте детей, просвещал молодежь. Позже он открыл народный театр, где сам писал пьесы для постановок.

В течение своей недолгой, но яркой жизни Беимбет написал около 250 литературных произведений, 700 очерков фельетонов и статей.

Я была впечатлена биографией Майлина: меня очень тронула яркая и трагическая судьба писателя.

И я решила посвятить ему свое стихотворение:

Он – сын казахского народа,
Он – мой земляк, он – мой кумир.
Султан пера, он самородок,
Беимбет известен на весь мир!
Учил он грамоте детей,
Театр открыл в степи народный,
Стихи писал он про людей,
Про жизнь их, быт и про свободу.
Наследие его, бесспорно,
Останется бессмертным навсегда:
И «Памятник Шуге» нерукотворный,
И «Мыркымбай» живут в наших сердцах!
Промчался ярким метеором,
Оставив славный, светлый след,
Который никаким террором
Нельзя стереть, забыть вовек!!!



**Шуватова Евгения,
КГУ «Физико-математический лицей
отдела образования города Костанай»,
5 класс**

Поэт – это человек, который может в рифму и красиво описать то, о чём он думает. Не каждый сможет выразить свои мысли даже в прозе. А поэт в рифму,

красиво и понятно может описать Родину, друзей и врагов, природу и цветы, маму и любимого человека.

Беймет Майлин, наш земляк, начал своё творчество именно со стихов. Читая их, мы видим, как он описывал жизнь простого народа и природу родного края.

«Северная Голодная степь, Бетпак-дала – однообразный и скудный ландшафт, суровый край, отдающий в сердце холодком и беспросветным унынием», - так пишет Майлин про казахскую степь. Но больше стихотворений он посвятил простым людям: беднякам, строителям новой жизни: «Мыркымбай», «Досада бедняка», «Новая песня аула», «Беглянка», «Маржан». В наше время Майлина называют певцом родного края, защитником жителей казахского аула.

Думы мои! Нет границ вашей власти
Вы, моя скорбь, непокой и злосчастье!
И наяву, и во сне вы когтями
Рвёте неробкое сердце на части! – пишет поэт.

Поэту было что сказать людям. Он писал о народе и для народа. Поэтому его называют народным поэтом и национальной гордостью казахского народа.



Пшеничная София,
КГУ «Общеобразовательная школа №6
отдела образования города Лисаковск»,
5 класс

*Луна, солнце и прекрасный
человек принадлежат всем.
Казахская народная мудрость.*

Интерес к творчеству Беимбета Майлина возник у меня неслучайно. В моей большой семье читают все, всё свободное время мы проводим за чтением и обсуждением прочитанных книг. Несмотря на то, что книг у нас очень много, я завсегдатай библиотек. В храм, как я её называю, хожу часто и с большим удовольствием. Именно там, попав на выставку, посвящённую Беимбету Майлину, и услышав рассказ хозяйки этого храма, я заинтересовалась творчеством моего земляка.

Трудное детство было у будущего писателя. Рано лишившись родителей, воспитываясь у бабушки и обучаясь в медресе, он стремился к знаниям. По состоянию здоровья мой земляк попал в Троицк. Именно там появилось огромное желание посвятить свою жизнь литературе и обучению детей. Желание учить детей больше всего тронуло моё сердце. Наверно, потому что я тоже в будущем хочу стать учителем. Осталось в памяти высказывание

Беимбета Жармагамбетовича: «Учитель должен быть началом всех добрых начинаний в аулах». Сам он был светом для своих учеников, создавая рассказы и стихи. В библиотеке я прочитала произведения: «Премия за вранье», «Проказник» и «Энди». Эти стихотворения учат нас различать, где ложь, а где хитрость, быть человеком аккуратным и собранным, каким был сам писатель.

Трудное, беспокойное время не обошло стороной Беимбета Жармагамбетовича. В 1938 году он был арестован и приговорен к расстрелу, только в 1957 году Беимбет Майлин был реабилитирован посмертно. Имя этого писателя, поэта и драматурга увековечено; один из населенных пунктов Костанайской области носит его имя. Казахское народное изречение «Ай – ортак, кун – ортак, жақсы – ортак» гласит, что «луна, солнце и прекрасный человек принадлежат всем». Творчество Беимбета Майлина – наше наследие. Замечательный писатель, человек большой души навсегда будет в памяти народной.



Кожухарь Дарья,
КГУ «Общеобразовательная школа №4
отдела образования города Лисаковск»,
6 класс

Район имени Беймбета Майлина... Признаюсь, я открыла для себя поэта, писателя Б.Майлина. Я увидела, как тесно он был связан с радостями и горестями своего народа в трудные годы XX века.

Каким тяжелым было детство у самого Беимбета! Его воспитывала бабушка, которая знала много стихов, сочиняла песни и мечтала, чтобы внук получил образование. Беймбет учился в медресе, изучал русский язык, читал произведения русских писателей и под их влиянием взялся за перо. Ещё в годы учебы появились его первые стихи и рассказы. А потом литература увлекла юношу всерьез.

После учебы Б.Майлин в родном ауле открывает школу для бедняков. Он работает учителем и продолжает писать... В стихотворении «Думы» поэт признается, что у него «неробкое сердце», «душа неленива», и он готов бороться за «обездоленный люд»: «Битва займется – меня там ищите...». Размышляя о тяжелой жизни бедняков, Беимбет открыто заявляет:

Людям простым я служу, а не баям.

Счастлив я тем, что аул просвещаю...

Своими произведениями Б.Майлин «лечил» народ от «слепоты столетий». Меня удивил Мыркымбай – поэтический герой многих стихотворений: «Не пахал, не сеял бай», «Мыркымбай», «У Мыркымбая есть земля». Сначала он простой, добродушный, был верным батраком бая. Но со временем

трудолюбивый Мыркымбай начинает освобождаться от байского гнета, от покорности:

Так бесправный мой народ
Стал владыкой навсегда!

Стихи о Мыркымбае показывают, какой долгий и тяжелый путь прошли бедняки-казахи, чтобы свободно трудиться на родной земле.

В своих произведениях Б.Майлин писал о родном ауле, родном крае, о новой жизни, о людях, которые её строили. К сожалению, в 1938 году писатель был арестован как враг народа. Но Б.Майлин не совершал преступления против своего народа, он за него боролся. Пройдет время, и удивительный человек в своем творчестве вернется к людям и навсегда останется в памяти народной.



Дюнаев Дамир,
КГУ «Первомайская общеобразовательная школа
отдела образования Мендыкаринского района»,
5 класс

Казахстан славен бескрайними просторами, разнообразным ландшафтом, изобилием природных ископаемых. Славен Казахстан и достойными людьми. Беимбет Майлин, сын костанайской земли, наш земляк, тоже является достойным сыном Казахстана. Об этом замечательном человеке я впервые узнал на классном часе. Из презентации и рассказа учителя я узнал, что Беимбет Майлин родился в Костанайской области в Тарановском районе в семье скотовода. Я, окружённый лаской и заботой родителей, с грустью слушал о том, что Беимбет рано стал сиротой и уже с семи лет пас скот у баев, чтобы заработать на еду. «А смог бы так я? Есть ли во мне такая сила воли?» - думал я. Надеюсь, что есть. Нам, казахам, сыновьям степей и гор, присущи терпение и выносливость.

Несмотря на тягость детской жизни, Беимбет был любознательным ребёнком. Он стремился к знаниям. Его ажека Бойдас привила любовь не только к труду, но и к поэзии. Сама сочиняла стихи и внука научила. А ещё она делала всё, чтобы мальчик получил образование. Я ещё учусь в пятом классе, но уже сейчас точно знаю, что любому человеку необходимо образование, чтобы достойно устроить свою жизнь и быть достойным сыном своего народа. Беимбет много болел, но при этом учился в медресе и школе. Упрямство и целеустремлённость помогали ему в этом. Уже за это я его беру для себя в пример.

Беимбет написал много стихотворений, рассказов, повестей, романов. Учительница рассказала нам о темах его произведений. Не удивительно, что в основе его творчества была тема народа, а главными героями были казахи-бедняки.

«Солнце с белых облаков,

Улыбаясь горячо,
Поздравляет бедняков».

В этих словах я вижу значимость для Беимбета простого казаха-бедняка. Народ – вот его учитель, его покровитель, его кумир. Свой талант он питал мудростью народа, его переживаниями и радостями. Поэтому я согласен с тем, что Беимбета Майлина называют «талантом, рождённым народом».

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИНГЕ АРНАУ



Біләл Каусар,

«Амангелді ауданы білім бөлімінің
Ы.Алтынсарин атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ,
7 сынып оқушысы

ХАЛЫҚ ТУДЫРҒАН НАР БЕЙІМБЕТ

Жүз отыз жыл мерейтойын бүгінде,
Қазақ деген дархан дала көгінде.
Тойлап жатыр бүгін, міне, қарашы,
Нар Бейімбет тұлғалардың дарасы

Нар Бейімбет! Ардақты өр Бейімбет,
Мен өзіммен жұртымды емдейін кеп.
Ақыретке асыққан сияқтысың,
Бұл жалғанның былығын көрмейін деп.

Нар Бейімбет! Дарыны паң даладай,
Қалың елің сағынды нау қоғадай.
Асылында, сені үлгі тұтушы еді,
Сенен кейін туылса заңғар Абай.

Нар Бейімбет! Өмірді жаздың мына,
Естелігің қалыпты аз құрбыда.
Сен жасаған еңбекті "тым көркем" деп,
Керіксіз жұрт өзіңді жазғырды ма?

Нар Бейімбет! Қарашы ұлтыңа бір,
Қыз қызыққа, рахатқа ұмтылады ұл.
Бірақ қайдан түсінсін?.. Сол заманда
Құтқарар ма ед, болса егер жұртың әділ.

Нар Бейімбет! Кештің-ау күйді жаман
Елің үшін жыртылды алтын жаған,
Сен сияны көп төктің, соны көріп,
Қаныңды да көп төкті қилы заман...

Ер Бейімбет! Қуатты Нар Бейімбет!
Сені жырлап даланы сәндейін кеп,
Сен біз үшін қан жұттың, шерге бөктің,
Келер ұрпақ кемдігін көрмейін деп.

Тарихыңа үңілдім жатқан терең,
Қарамаймыз ешқашан енді төмен.
Себебі, біз білімді болашақпыз,
Осылайша арнадым сізге өлең.



Наказнюк Михаил,
*КГУ «Успеновская общеобразовательная школа
отдела образования Федоровского района»
учащийся 7 класса*

БЕЙМБЕТУ МАЙЛИНУ ПОСВЯЩАЕТСЯ

Приветствую всех вас, друзья!
Мы собрались сегодня здесь не зря.
Мы собрались в честь юбилея славного,
Писателя известного всем нам.

Этот писатель – наш земляк,
О нём нам забыть нельзя никак.
Он просветитель, драматург.
Произведения о жизни – дело его рук.

О непростой судьбе народа тех времён,
Обычаях, что чтим мы как закон.
История в его произведениях кричит,
О том как жили и как надо жить.

О совести, о чести, о любви,
Произведения его нам донести смогли.
Их много есть, не скрою, всех не прочитал...
Но есть и те, что изучал,
Взахлёб вникая в каждый слог,
И в каждой строчке будто бы урок,
Наказ, как нужно жить,
Чем дорожить и что уметь беречь,

Задуматься над многим.
Они как будто за душу берут,
Читая их, ты будто там... и снова тут.

Да что уж говорить,
Скрывать не стану,
С произведениями познакомившись,
Гордиться ещё больше буду неустанно,
Талантами такими, что наша родина дала.
Ну что ходить вокруг да около, друзья,
О ком же эти строки?
Спросите меня.
О Беимбете Майлине!

О человеке с большой буквы,
Писателе, таланте, которого, увы, уж с нами нет...
Но помнить будем мы его
И через сотни лет!

Ведь подарил он нам
Прекрасные творения свои.
О нём узнают точно
Дети, внуки, правнуки мои.

Его талант пройдёт сквозь многие века
Уверен в этом я, друзья!
Я горд и рад, что нам земля родная,
Таких писателей дала,
Что можем мы гордиться ими,
Что память чтим мы их,
И не забудем никогда!



Абдуллаева Назжан,
*«Әулікөл ауданы білім бөлімінің Көктал
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
8 сынып оқушысы*

АҚЫН ЖАНЫ

Қосылса да әдебиетке кейін кеп,
Берген ақын өлең – сөзге сыйын тек

Үш бәйтерек туа бітсе қазаққа -
Көш басында тұрған Майлин Бейімбет.

Бастан кешіп күндік пенен мұңдықты,
Өмірінде көрді талай құлдықты.
Алаш үшін күресем деп өлгенше -
Асау атқа жайдақ мінген ол тіпті.

Жетімдіктің көрсе-дағы азабын,
Туын ешбір жыққан емес қазақтың.
Боларына сенген ақын о баста -
Шуақ шашып, ту желбіреп ғажап күн.

Ауыр тағдыр, азапты өмір, қиындық,
Одан әрі сынақ жатты қиын ғып.
Ажалменен келсе-дағы бетпе-бет,
Сөзін айтты Алаш үшін түйін ғып.

Әрі ақын, әрі шебер жазушы,
Жұмсалмады елі үшін аз күшті.
Егемендік деген сөздің алғашқы -
Бұл Бейімбет ең бірегей жаршысы!!!



Хыдырбекқызы Айзия,
*«Қостанай қаласы білім бөлімінің
С.Мауленов атындағы гимназиясы» КММ,*
8 сынып оқушысы

ЕҢСЕСІ БИІК БИАҒА

Аяқталмай сіздер үшін тұр ғасырлар,
Қысқа ғұмыр өмір сүрген нұрлы асылдар.
Әдебиетте «Үш бәйтерек» атпен қалған,
Ұлтты рухпен оятқан тұлғасыздар!

Үш алыптың бірі бар – Биағамыз,
Өлді деп оны қалай қия аламыз?
Әйет болысы құт қоныс туған жері,
Бір басына талай-талай сияды аңыз.

Сауат берген қазаққа тұлғаң дара,

Ел басына күн туып, шырмалғанда.
Тірі жанға зияны жоқ дәл өзіндей,
Бір маса өлтірмеген құрбан бар ма?

Атағың алты алашқа өрістеді,
НКВД ісінді «теріс» деді.
Өлтіруге қалайша дәті барды
Биағадай ақ жүрек періштені?..

Қиянат қашан болсын білінеді,
Бәрібір жоя алмайды ірілерді.
Зұлым қылған жауыздың аты өшіп,
Адал жандар қайтадан тіріледі!



Бейсембекова Айжан,
«Жітіқара ауданы білім бөлімінің №12
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы

АРНАУ

Біздің қазақ бай ғой, шіркін ақынға.
Композитор, жазушы мен батырға.
Соның бірі Бейімбеті қазақтың,
Есімі мәлім барша жаһанға.

Келді жаңа Қостанайдың төрінде.
Бар ақиқат бізге мәлім бүгінде.
Жас кезінен жетімдікпен күн көріп,
Сыр шертеді, бала мұңы үнінде.

Дүниеде көрді талай құлдықты.
Өткеріпті күндік пенен сұмдықты
Қайткенменен берілмеді сынаққа,
Әжесімен жұбанушы ед ол тіпті.

Солай жетіп Бимағамбет ер болды.
Бір халықтың өміріне нұр болды.
Шұғаның белгісімен басталған
Қалың қазақ жүрегіне кеп қонды.

Енді осымен ұмытылмас көктемі.
Тағыдырымен әдебиеттің беттері.
Ояту болса халық ұраны
Орындалды бүгін, міне, тілегі.

Оның сірә, еңбектері ғажапты,
Әр жырында жігер менен, қайрат та.
Бұқараны ойлап өткен Бейімбет
Дара екен мына біздей қазақта.

Бейімбеттен қалған еді бар мұраң
Сақтап еді оны талай сандықтан
Құдыретін білгің келсе сен оның...
Онда сұра жас ұрпақтың рухынан

Бейімбеттің аты таныс маңызды,
Ойыменен біраз нәрсе тамызды,
Қостанайдың жұртынан сен сұрасаң,
Айтар саған талай сырлы аңызды.

Бейімбет пе талай жұртты сөйлеткен.
Өзге жұртты өз тіліне билеткен.
Ақындарды таңдайынан жаратып,
Қостанайды өзіне сыйлы еткен.



Мейрамхан Лунара,
*«Амангелді ауданы білім бөлімінің Тасты
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
8 сынып оқушысы*

АЛЫП ТҰЛҒА

Ой салсақ тарихымның өткеніне
Талай зұлмат басымнан өтпеді ме?!
Талай ғұмыр қиылып қыршынынан,
Талай ана көз жасын төкпеді ме?

Талай ақын атылды, құрған жолды,
Жазушының талайы құрбан болды.
Соның бірі – Бейімбет. Алып тұлға!

Әдебиет әлеміне бұрған жолды.

Әр жазғаны ел жайлы, жұртым жайлы,
Оқыған жан мән ұғып, сыр тыңдайды.
Сол дәуір есігінен сығалайды,
Шұғасы, Азаматы, Мырқымбайы.

Елітіп қуанышы, қиыныңа,
Шеберлігі әкетер қиырына.
Күрсініп коммунист қыз Раушанменен,
Күлесің Дайрабайдың сиырына.

Бар мұрасы қуатым, қайратымдай,
Ұмытылмай жадырап, жайнашы ұдай.
Шеберлігі – шыңменен таласатын,
Ұлағаты – ұлылық айнасындай.

Әр сөзі нәр беретін саналарға,
Оқымай жан рахатын таба алар ма?
Өлшеусіз Би-ағаның ұлағаты –
Жете бермек заманнан – заманаға!



Альдикенова Камила,
*«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің № 2 Ұзынкөл
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
7 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИНГЕ АРНАУ

Біздің ұлт ұлықтаған дараларын,
Өзектен теппеген еш балаларын.
Еске алып өтейікші қазағымда
Бейімбет Майлин атты аға барын.

Қостанай облысында туған екен,
Білімге жастай бетін бұрған екен.
Тайпасы Қыпшақ болған бұл ағамыз
Қарабалық деген бір рудан екен.

Оның көп жазған жыр мен өлеңдері,
Бейімбет қазағымның кемеңгері.
Өмірде бар қалауым, текті жанның
Атқарған еңбегінің еленгені.

Білімге құштар болған ақын еді,
Халыққа өлеңімен жақын еді.
Бейімбет өзі сүрген заманының
Тіліне жаны ашыған батыры еді.



Құрманбек Гүлзағира,
*«Сарыкөл ауданы білім бөлімінің
Соналы негізгі орта мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИНГЕ АРНАУ

Түсіне біл айтқанын сезім жайлы,
Ұғынсаң жүрек қалай туламайды!?
Айтылған Бейімбет жан сырлары,
Ойлардан ойлар кеп қуалайды.

Дүниеге Қостанайдың өңірінде,
Келген екен заманның ақпанында.
Кейін қайтпай әкесі қаза тапты,
Бала еді сезбеген жетімдікті.

Әкесінен айырылды екі жастан,
Мойымады ол келген қиындықтан.
Жастайынан әжесінен тәлім алып,
Жеті жастан өз еңбегін адал тапқан.

Өмірді, дүниені ойлайтұғын,
Алып ұшқан ойларды толғайтұғын.
Сонда сезді бес күндік бұл өмірде
Анасының мәңгілік болмайтынын.

Поэзия оның жырласы да, сырласы да,
Өзімен өмір сүрген жолдасы да.
Өмірге мәңгі құштар болған,
Кім жетер Бейімбет тұлғасына!?



Әбілтай Айым,
«Науырзым ауданы білім бөлімінің Шолақсай
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
7 сынып оқушысы

МАҚТАНСАҚ БӘКЕНДЕРМЕН МАҚТАНАЛЫҚ

Өмір – өзен ірі арнамен жатқан ағып,
Жүрмеспіз ылғи біздер баққа оранып.
Бар жақсысын таңдап алып бұл өмірдің,
Бәкендердей тоба деп, сәт саналық.

Бейімбет данышпандай дана тұлға,
Халқына осы күнде дара тұрған.
Атақ қуып, даңқ үшін тумаған ұл,
Елінің қамы үшін жаратылған.

Күйініш пен сүйініштей барға жаптың,
Шырмауына төзе білген бар азаптың.
Сен бүгін Қостанайдың қыраны емес,
Мақтанышы атандың бар қазақтың.

Нәр алып, ұлы сөздей баққа барып,
Жүрсек игі жақсыларын жаттап алып.
Қадірін бар алтынның біліп жүріп,
Мақтансақ Бәкендермен мақтаналық.

Қанатын көпшілікке құлаштар кім,
Мақсат қандай бірінен бірі асқанның?
Бейімбет аға айтқандай тең қарайық,
Астында жүргеннен соң бір аспанның.



Алимжан Инабат,
«Науырзым ауданы білім бөлімінің Шолақсай
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
8 сынып оқушысы

ҰЛЫ ТҰЛҒА БЕЙІМБЕТ

Еңіреп өткен елім деп
Ұлы тұлға Бейімбет
Кіндік қан аққан жерім деп.
Үш бәйтерек мәуелі,
Ілияс, Сәкен, Бейімбет.

Белгілі алты алашқа, елге есімің.
Тарихта қалар мәңгі өлмес үнің.
Қостанай, Торғайым деп жырлап өткен.
Бейімбет атамыздың жерлесімін.

Жиналып, ұйымдасып кілең мықты,
Ой салып, жоспар құрдың ақты-нақты.
Бірлесіп Мұхамеджан Сералинмен,
Шахарда "Ауыл" атты газет шықты.

Қаламы ақ алмастай жарқыраған,
Жазудан елі үшін алқын баған.
Жазатын елдің мұңын бүкпелемей,
Билікке тура айтып тартын баған.

Жыл өтті 1937 елге қауіп,
Жұмысы, НКВД-нің болды қауірт.
Елім деп еңіреген Бейімбетті,
Жаптырды абақтыға жала жауып.

Әкетті бала – шаға айдап бәрін,
Әкетті малшау байлап бәрін.
Әкетті бас кетердей тұлғаларды,
Әкетті алты алаштың қаймақтарын.



**Тәңірберген Амина,
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
А.Бірімжанов атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы**

ӨШПЕС ЕСІМ

Ел мен жердің қорғап өткен намысын,
Қайта тумас Бейімбеттей арысым.
Барын берді, жанын берді аянбай,
Алашымның ертеңі үшін, бағы үшін!

Ел тұрмысын көріп өскен жасында,
Қызмет ету ойы тұрды басында.
Алаш үшін басын тікті бәйгеге,
Сәкен менен Ахметтердің қасында.

Заңғар көкке қалықтаған қыраны,
«Сауатсыздықты жою» болды ұраны.
Репрессия құрбандарын ойласам,
Көз алдымда Бейімбет Майлин тұрады.

Жазды талай повестер мен жырларын,
Ел ұмытпас арда туған ұлдарын.
Ұлы тұлға «Үш бәйтерек» атанған,
Ізі өшпес Бейімбеттей тұлғаның!



Нургалиев Айдын,
«Денисов ауданы білім бөлімінің №3 Денисов
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
7 сынып оқушысы

ХАС ШЕБЕРГЕ

Прозаның әлемінде қалықтаған,
Қиялы шартарапқа шарықтаған.
Шынайы шындықты айтып заманынан,
Ұрпағы оқудан бір жалықпаған.
Арманы білім іздеп нұрын шашу,
Шынардан биік болды шығар асу.
Өзі өлсе де, өнегесін өлтіре алмас,
Шүріппеге ілінсе де, білмес жасу.
Мың кісіге татыр болды еңбегі,
Қаламгерім не қиындық көрмеді.
Сынағы мен сұрағы көп болса да,
Жазушының жарық нұры сөнбеді.
Шамшырағың үлкейтіліп жағылды,
Еңбектерің дәріптелді, танылды.
Таңбаланған табиғаттан бар үлгі,
Әр шығармаң ерекше бір сарынды.
Терең ойға сүйреген, жаны даңғыл,
Ерен биік Би аға жанға әрбір.
Тәңір сені қолдады несібенді,
Қалдырыпты ұрпаққа оқы, һәм, біл!



Усанин Никита,
*КГУ «Крымская общеобразовательная школа
отдела образования Денисовского района»,
учащийся 9 класса*

ГОРДОСТЬ НАШЕГО КРАЯ

Уже неизвестный ни мне, ни тебе,
Больше века назад близ Айета
Раскинулся славный аул Актюбе -
Родное село Беимбета.

Этот славный джигит был из рода кыпчак,
Знаменитого среднего жуза.
Творец языка, музыкант, весельчак,
Неразлучен с Евтерпою-музой.

Возрождение народа – цель жизни его.
От нее не отступится Майлин.
Им написано много рассказов, стихов.
Прочитать их за месяц? Навряд ли.

Восторженным стал он певцом Октября.
Его сердце сильнее застучало.
Поэт понимал, что снимать якоря
Давно время казахов настало.

О бесправии женщин в поэмах писал,
О выпавшей доле несчастной.
Он образ прекрасной казашки создал.
Мечтал: поступится к ней счастье.

В души людей нес добро Беимбет
Сердцем путь освещая, как Данко.
Очень рано ушел из жизни поэт –
Расстреляли его на Лубянке.

Память о Майлине в нас не умрет:
Музыкален стих Беимбета.
Его образ в сердце каждом живет,
Будем помнить его мы заветы.



**Бехтемисова Томирис,
КТУ «Юбилейная общеобразовательная
школа отдела образования района Б.Майлина»,
учащаяся 8 класса**

В ПАМЯТЬ О БЕИМБЕТЕ МАЙЛИНЕ

В великой степи, в степи вековой,
Где мудрость народа звучит на просторах,
Талант процветает, светлый, родной,
Талант Казахстана – народом рожденный!
Он словно взлетает, как птица, стремглав.
И каждым твореньем своим восхищает!
Летит он, как песня, в потоке веков,
Свой творческий путь глубоко отражая.
И в каждой поэме, в каждой строке,
Мы чувствуем голос – голос народа!
Он нам говорит о жизни своей,
О выпавшей доле – суровой, тяжелой.
Поэта душа всем вещает о том,
Как жили в надежде, в истину верив.
И голос кочевника, слышен, как гром!
Он воспевает справедливость и честность.
И в этом сюжете картины былой
Есть отражение силы и веры.
И тот, кто столкнулся с брэнной судьбой,
Раскрыл нам эпохи светлые двери,
Он был летописцем великих времен,
Стал гордостью нашего края.
Пусть память о нем мерцает звездой,
Наследие веков созерцая!



Кузьминчук Кристина,
*КГУ «Первомайская общеобразовательная школа
отдела образования Мендыкаринского района»,
учащаяся 9 класса*

БЕИМБЕТ

Величественны костанайские просторы:
Среди степей, озер, лесов и рек
Рождено много героических историй,
Воспевающих славное имя ЧЕЛОВЕК.

Как степной ветер, сильный и свободный,
Достойные сыны рождались здесь,
Ставшие гордостью своего народа.
Средь них и имя Беимбета есть.

Беимбет Майлин – поэт, драматург, писатель –
Не только Костаная сын, он – сын своей страны.
Мудрый учитель, правдивый создатель.
Он наш земляк – и этим мы горды.

Став сиротой, у бабушки учился
Трудолюбивым быть и острым на язык.
Опыт аже Байдас внуку пригодился:
Беимбет с детства освоил поэзии азы.

Он с семи лет работал пастухом у баев.
Тяготы жизни с детства он постиг,
Познал сполна бездушные «хозяев».
Выносливым и смелым быть уже тогда привык.

Сначала мальчик в медресе учился,
Затем в Троицке в школе «Узифа».
Но еще к большим знаниям стремился –
Ступенью выше стала для него Уфа.

Познав мудрые учения Ислама,
Литературу выбрал Беимбет.
А после встречи с Торайгыровым, Сералиным

В избрании заветного пути сомнений нет.

И вот уж появились на страницах
«Садак» - журнала первые стихи.
Но это лишь в руках его синица,
Журавль в небе будет впереди.

В то время было делом чести, долга
Детишек бедных грамоте учить.
Поэт мечтал об этом очень долго:
Учителем в родном ауле быть.

Преподавая грамоту в казахской школе,
Активно пишет повести, стихи
О жизни, о свободе, о неволе,
О женщинах и их бесправии в степи.

«Нужда», «Богатство», «Скот» и «Летний вечер» -
Лишь часть стихотворений о народе,
Его переживаниях, ценностях вечных,
Взаимодействии с миром природы.

И в прозе тоже сплошь тема народа,
Прочсть хотя бы «Памятник Шуги»,
«Улбосын», «Рыжая полосатая шуба»
Или историю «Председателя колхоза Камили».

Во многих произведениях Беимбета
Проблемы перемен жизни в степи,
Колхозной жизни и ее «рассвета»,
Войны гражданской, неравной любви.

Отражением жизни казахского народа
Стал голос Майлина, правдивый и живой
Еще общественником становится он в те годы:
Инспектор, председатель, комиссар степной.

Как истинный казах, в семье нуждался
И выбрал себе в жены Кульжамал.
Трех сыновей, двух дочерей дождался.
Отцом хорошим был, но творчество не оставлял.

И вот настал пик творческого взлета,
Но жизнь оборвалась в один момент.
Молот репрессии не пощадил свободного полета...

Потом забвение. Реабилитация. И... Монумент.

А время ни на миг не замедляясь,
Творит историю и все бежит, бежит.
Но слова народа нам всем напоминают:
«...Прекрасный человек всем принадлежит».

Есть Майлин – станция под Костанайским небом,
Где ширь степей, где мчатся поезда.
Где край богат людьми, добром и хлебом,
Где Беимбет – легенда навсегда!



Нургазина Аяна,
*«Әуликөл адуданы білім бөлімінің
Батыржан Кенжетәев атындағы
Новонежин жалпы білім беретін мектебі» КММ,
7 сынып оқушысы*

БИ – АҒАМА

Би – аға сатираның саңылағы,
Көркем сөз қаламынан ағылады.
Елінің алғысына бөленген жан,
Ғасырдан ғасырларға танылады.

Мен сізді өзгелерден ерек көрем,
Сіз – бәйтерек, мен – дағы терек дер ем.
Заманның құбылысын сынға алатын –
Сіздей жан әлі бізге керек дер ем.

Би – аға, сөзің жүйрік, тілің алмас,
Оқыған жандар одан қапы қалмас.
Сөзінің жалыны от – шарпып өтер,
Сынға алып, күйдіруден әсте талмас.

Би – аға ерен дарын иесің,
Проза, поэзияның киесің.
Ұрпақтар есінде ғой әрқашан да –
Қараша халық үшін еткен ісің.



Дорошко Виктория,
*КГУ «Кушмурунская общеобразовательная школа №2
отдела образования Аулиекольского района»,
учащаяся 9 класса*

ПАМЯТИ БЕИМБЕТА МАЙЛИНА

Если б я имела дар акына,
Был бы мною подвиг Ваш воспет.
Чти, народ, достойнейшего сына!
Сквозь года, как совесть, - Беимбет!

Пусть над нашей степью льется песня,
Пусть звучит мотив родной домбры.
Символ мужества – отважный буреветник,
Он и Память, и Достоинство страны.

Каждый шаг страны своей любимой
Он сыновьим сердцем проживал.
Почему же так несправедливо
Рок нависший путь его прервал?!

Боль утраты время не залечит,
А душе свободной тесен стелл гранит.
Имя Беимбета жизнь увековечит,
И через века оно пускай в устах звучит!

Ведь его мечтания свершились:
Родина свободна и стремится ввысь!
Чтя заветы старших, будем им верны:
У достойных предков – достойные сыны!



Сатова Акерке,
«Амангелді ауданы білім бөлімінің Б.Қолдасбаев
атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы

БӘЙТЕРЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ - БЕЙІМБЕТІ

Сол заман... қара түнек, аспаны алуан,
Бірақ та өмір сүрді асқақ арман.
Жер аударып жатса да зиялыны,
Жер үстінде бір арман бастау алған.

Ұлтын ойлар ерлерді қамап тынып,
Көзінен ұл – қызының қан ақтырып.
«Халықтың жауы», - деді, - сатқын, - деді,
Зиялыны зымиянға сабаттырып.

Тар жол тайғақ, білсеңіз оның күні.
Ерте солды демесең өмір гүлі.
Ел - жұртқа бар білімін беріп өткен
Қазақтың Бейімбеті - соның бірі.

Ағылды ер басынан дариядай мұң,
Демессің Бейімбетте жанбад(ы) айбын.
Жыры мен мұңы осы еді, сол кезеңді,
Тұспалымен жеткізген Дайрабайдың.

Отарлап ұлы менен қызын алған,
Қазақтың қаймақтарын сүзіп алған.
Әділетсіз қоғамның қасіреті
“Шұғаның белгісіндей” ізі қалған.

“Қарашелек” әңгімесін оқығанда,
Айшаны теңеп халық, нәті жауға.
Кейіпкердің шырғалаң өміріндей,
Ел – жұрттың іші толған запыранға.

Кейіпкерді Би-ағаға қарап теңей,
Жан дүниесін берген-ау азап кеней.
Өксіген өмірін де өлең қылды.

Айтпауға болмас мұны - талант демей.

Ең әуелі Қазаққа жақын олар,
Құздан құлар, мұхитқа батып алар.
130-ға келгенмен Би-ағамыз,
Ақірет күнге дейін аты қалар.

Сескеніп сонда өкімет қайратты ұлдан.
Сескенбей Алашым деп айбат қылған.
Өзі түгіл, өзінің жанындағы,
Отбасын да лагерге айдап тынған.

Алаш үшін ол не бір зұлмат көрді.
Өлімі отбасының жұмбақ болды.
Халықтың жауы десіп аттырыпты.
Қазаққа ең құрметті қымбатты ерді.

Тарихтың ашылғанда кейін беті.
Әділетсіз қоғамның сейілді оты,
Ақталды да мақталды бұл күндері,
Бәйтерегі қазақтың - Бейімбеті.



Елдос Саят,
*«Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Құнанбаев
атындағы мектеп-гимназиясы» КММ,
7 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТ АТА

Бейімбет ата еңбегі,
Өнеге болып біздерге.
Еңбек, өнер, білімді.
Насихат етті ізгі елге.

Кедейдің күнін суреттеп,
Әділдік жолын таңдады.
Халқының қамын жеуменен,
Атырды талай таңдарды.

Күлпаш, Түйебай, Айранбай,
Өңгіменің болған арқауы.
Дайрабайдың көк сиыры,

Қазақтың болған бір дауы.

Әділдік, шындық, әзілді,
Келістіріп жазған еңбегі.
Мазмұны, айы, желісі,
Біздерге сыйы бергені.

Ұлылар туған елімнің,
Бүгінгі біздер ертеңі.
Бейімбеттей болу арманым,
Көкейде мұң сыр шертеді.



Амантай Дастан,
*«Арқалық қаласы білім бөлімінің
Кейкі батыр атындағы №4
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
8 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТ – БИІК АҚЫН

Сауатсыздықты жоюға жұмсап барыңды,
Бейімбетсің асқан зерек дарынды.
Найзағайлар арасынан жарқ еткен
Ұмытпаймыз қостанайлық нар ұлды.

Шыққан едің Қарабалық руынан,
Сауат ашып алғаш ауыл молдадан,
Жетімдіктің азабын көрсе-дағы
Нар тұлғасын қазақ халқы қолдаған.

Жаралғандай жаның нұрлы парыздан,
Адалдығың – нағыз аппақ қауыз, дән
“Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз”
Деген сөзді тастамаймыз ұран етіп ауыздан.

Елдің қамын ойлай білген кемеңгер,
Өмірменен байланысты өлеңдер.
Жараланған арыстандай жан еді,
Жан жарасын болашақ пен ел емдер.

Байлық емес сөз қазына жинаған,

Сондықтан да елі шексіз сыйлаған.
Рухына тағзым жаса, жас ұрпақ,
Қазақпенен мәңгі жасар Би-ағаң.



Таңатқан Ақнұр,
*«Арқалық қаласы білім бөлімінің
Ә.Бөкейхан атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы*

ХАЛЫҚ ТУДЫРҒАН ТАЛАНТ

Бітімі бөлек ақын һәм жазушы,
Түбінен әдебиеттің нәр қазушы.
Бейне бір болмысымен баурап алар
Бейімбеттей қазақта бар ма сыншы?


Бейімбет ол – қайраткер, майдангер де,
Қаһарман боп қонғандай айдан жерге.
Репрессияға ұшырап, жанын берген,
Елі үшін не көрмеді қайран кеуде.

Қанат қағып қосынан ұшпай бөлек,
Қара өлеңнің жебесін ұштайды кеп.
Қазақтың қаһарманы емес пе еді
Қанатынан қырқылған “Үш бәйтерек”.

Жастай дәмін татқанмен жетімдіктің,
Жас болсаң да, жетілдің, еліңді ұқтың.
Ертеңі деп еліктей ерке ұлдардың
Ерте азабын шекпеп пе ең кесірліктің.

Ұлтым деп ұран қаққан ұлы егесте,
Жанына жылу болған жыры емес пе?
Майлиннің майда шүйде баласы емес
Халықтың қалап алған ұлы емес пе?

Ақынды оқы, өлеңдей айдынға бар,
Алардай боп отырма айдан хабар.
Есте сақта, астықтың ұлы Отаны
Қостанайдан шықпайды жай тұлғалар.



Құрышбекова Үкілімай,
*«Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің
Сапар Ерғалиев атындағы жалпы білім
беретін мектебі» КММ,*
7 сынып оқушысы


БЕЙІМБЕТІМ БИІК ШЫҢЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Бүгін бізде жарқыраған азат күн,
Бақытында шалқып жүрміз ғажаптың.
Сол бақытты өзге қолдан қорғаған,
Бейімбетім, биік шыңы қазақтың.

Қазағымда ақын көп қой бұрыннан,
Бейімбеттің әрбір сөзін ұғынған.
Тар заманда өмір сүрген халықты,
Қара бұлттан құтқаруға тырысқан.

Ескілік пен жаңалықтан жолын таппай,
Надандыққа душар болды халық талай.
Халыққа жол көрсету мақсатымен,
Ақыным, құрбан болдың бұған қалай!

Халық жауы атанды, талай құлдық,
Өткерді талай күнді, талай жылдық.
Мойымбады сынбады халық үшін,
Бейімбетім жерлесім батыр шындық.



Сисенбай Жанерке,
*«Жітіқара ауданы білім бөлімінің
Естай Есжанов атындағы № 9
жалпы білім беретін мектебі» КММ,*
9 сынып оқушысы

БИ-АҒАҒА АРНАУ

Би-аға – жыр шебері,
Әңгімені себеді.

Тәрбиелік мәні бар,
Зор мұраны егеді.
Туындысы көркемді,
Әйелдердің теңдігі.
Қазақ қызы тағдыры,
Өмірдегі тілегі.
Бейімбеттей нар тұлға,
Алашымның тынысы.
Қазақ елі тағдырын,
Суреттеген ірісі.
Сәкен, Іляс, Бейімбет.
Халық жауы атанды.
Арыстардың ақыры,
Бейімбет еді данасы.
Қазір заман өзгерді,
Өзгергенді көз көрді.
Міне, осындай арысты,
Еске алар кез келді.



Бердімұратова Әлия,
*«Жітіқара ауданы білім бөлімінің
Естай Есжанов атындағы №9
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
8 сынып оқушысы*

БИ АҒАМА

Болған қазақта талай талант, талай ақын,
Уақыт өте қалды артта, естелік болып жарқын.
Бұл өлеңді арнадым халқымның жанашыр тұлғасына,
Есімі оның – Бейімбет, Би ағама.

Алғысым шексіз, Би аға, айтар саған,
Күні-түні халқының болашағын уайымдаған.
Қалдырдың жазып шексіз мұра баға жетпес,
Тарихтан қанша уақыт өтсе де өшпес!

Оқып сіздің жазған шығармаларды,
Қанша ұрпақ сауат ашып, ғибрат алды?!
Бір мезетке саяхаттап сол шаққа,
Сезініп өткен қиын – қыстау кезеңдерді.

Құнттамас едік, білмегенде тарихты,
Өміріміз бен тәуелсіздік, халқымыз бен тілімді...
Қандай жақсы, Би аға, сіздер болғаныңыз,
Қаламмен ақ қағазға тарихты жазғаныңыз!

Сіздерге талант сыйлап, жаздыңыз ақиқатты, тәуекелге бел буып,
Жек көріп, құртқысы келсе де қанша жау мылтығы мен арттан қуып.
Айтамын жас ұрпақ атынан сіздерге мен рақмет!
Барлық тума дарын, жанашырларымызға, Тәңірім, сұраймын рақымет!

Жазып ащы шындық - ашығын,
Олар жанын қиды ойланбастан тағдырын.
Бағалайық, ендеше, ағайын, қолда тұрған алтынды,
Ойланайық, ағайын, кімдер үшін Би ағалар атылды?!



Сардиванова Елизавета,
*«Қарасу ауданы білім бөлімінің Целинный
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы*

ҚАСИЕТТІ БИ АҒА

Таранда туған, қасиетті Би аға,
Сары арқаның Бейімбеті - нар тұлға.
Қаламы жүйрік жазушы атандың,
Аласырма, қалшы биік қалпында!

Себебі сен жылқы жылы туылдың,
Жаламенен "ЖАУ" атанып қуылдың
Содан болар, жылқы мінез тән саған.
Жете алмадың арманыңа аңсаған.

Алты жаста жетім қалдың анадан,
Сауат ашып, ауылдағы молдадан.
Хат таныдың, зерек бала атандың,
Жұрт сүйсініп, қариядан бата алдың.

Мұғалім боп, корректор боп, тілші боп,
Газеттерде қызмет етіп талмадың.
Поэзия, проза мен драма

Жазу үшін таңды таңға жалғадың.

Ұлт тарихы, әдебиет жолында
Құрбан болып, 44-те атылдың.
Ақиқаттың жолы ауыр қашанда,
Аянышты тағдырын-ай ақынның...



Нуркалиев Бекзат,
*"Денисов ауданы білім бөлімінің
№3 Денисов жалпы білім беретін мектебі» КММ,
8 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТ АҚЫН КІМ ЕДІ?

Бейімбет ақын кім еді?
Халқым деп соққан жүрегі.
Рухты ердің бірі еді,
Ұрпаққа ақ жол тіледі.
Бейімбет ақын кім еді?
Ел үшін туған ұл еді,
Ол сүрген заман сұр еді,
Репрессияның болды түлегі.
Бейімбет Майлин дегенде,
Әдебиет ойға келеді.
Қарымы мол қаламгер,
Өлместей мұраларымен,
130 жасқа келеді.
Дана халқым айтқандай,
Ғалымның хаты өлмейді,
Шырағы оның сөнбейді.
Қыран болып өрлейді,
Алысқа құлаш сермейді.
Әңгімесінде бар сыры,
Өлеңінде бар шыны.
Жүрек көзбен ұға алсаң,
Тұнған әдебиет асылы.



Нуркалиева Несвельды,
*«Денисов ауданы білім бөлімінің №3 Денисов
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы*

ӘДЕБИЕТ МАЙДАНГЕРІНЕ

Жыр арнадым әдебиет асылына,
Ұлағатты бір тағдырдың иесі.
Өлеңі де, өмірі де өрнекті,
Мәңгі мұра бізге аманат бейнесі.
Әдемі әңгіменің салды өрнегін.
Қалам, қағазға арнады бар жігерін.
Келешекке қалдырдың құнды қағаз,
Ақталып жатқандай ғой бар еңбегін.
Әлеміңнен қанат бітіп ұшталдым,
Әңгімеңе бас саламын құштармын.
Жан-тәніммен берілемін, енемін,
Күліп алам, кейде көз жас төгемін.
Шұғаны оқып жан сарайым ашылды,
Хикаямен аялаймын асылды.
Шұға қыздың хәл-жағдайы толғантып,
Бір бейнемен біраз ғұмыр ашылды.
Қазағымның тұғырлы, тұлғасы болған - Бейімбет!
Көп ұлдардың ішінде, жорғасы болған - Бейімбет!
Әдебиеттің тұнығын, сырлата білген - Бейімбет!
Әсерлі сөзді сиямен, жырлата білген - Бейімбет!



Лисовая Дарья,
*КГУ «Школа-гимназия №3 отдела
образования города Костаная»,
учащаяся 7 класса*

ПАТРИОТ

Я не знаю, какую из рифм подобрать,
Чтобы Родины всю красоту описать.

Мне закрыть бы глаза и потрогать ковыль!
Пусть табун скакунов разовеет эту пыль.

Под звучанье домбры я прилягу к аже.
По лицу я орыс, но казах я в душе!
И родные просторы, родные края
С теплотой и заботой взрастили меня.

Луч звезды озарит красных маков поля.
Дух свободы витает в душе у меня.
Мне б гнедого коня на скаку оседлать
Мимо гор, мимо рек и аулов скакать!

Мне бы в юрты зайти и кумыса испить,
Отмотать всей истории красную нить,
Рассказать о батырах – бесстрашных бойцах,
О прекрасных кыздар, вороных жеребцах!

О великих поэтах бесстрашной земли,
Что покой после смерти на ней обрели.
Ветер память о них сотни лет доносил
В кольце миллионов безвестных могил.

Я любой ценой не забуду во век,
Как пропал в тишине ноября человек,
Как погиб за труды и за мысли свои.
Би-ата бороздит атмосферы слои.

Пусть рассеялся в дымке «кровавый туман»,
Пусть раскрылся в апреле бесславный обман,
Сгинул ты на задворках обугленных стен,
Путь страны поднимая с уставших колен.

Сын степи, внук орла, вольный ты человек!
Вам Отчизны своей не предать и во век.
Тут слепой – озарен, и глухой все поймет.
Он страны нашей вечный, живой патриот!



Толеуиш Баян,
«Қостанай ауданы білім бөлімінің
Озерный негізгі орта мектебі» КММ,
7 сынып оқушысы

АҚЫНҒА АРНАУ

Тау тұлғасы елімнің, тұлға едің жаны ізгі,
Сенің әрбір туындың оқырманға маңызды.
Мұнар-мұңнан қаланған мұнараң тұр мұнартып,
Жырға ғашық қазақтың қағбасы тәрізді!

Жұлдыздай боп ақсаң да, жадта қалды жарығың,
Кітаптарда – қолтаңбаң, таспаларда бар үнің.
Ғашықтарды жұбатып, жасықтарға рух беріп,
Сырлас болып келесің сан ұрпақпен әлі күн!

Тәңір берген сендегі ұлылыққа тамсанам,
Сенің сөзің еседі, тамылжыта салсам ән.
Кітабыңды ақтарып, бойына бір бақ дарып,
Жыр жазам деп талпынып, қанаттанды қанша адам!

Жабырқатты заманаң, зәрін таттың тағдырдың,
Күбірлейді жыр болып әрбір қайғы, әрбір мұң.
Дәлелдедің ақыры өлмейтінін өлеңнің,
Арзан өмір сүрсең де қымбат мұра қалдырдың!

Халқың сені қоштады, өн-бойына жиып құт,
Ғасырларға сыймайтын бай мұраңнан сый ұқтық.
Басымды иер бір ғана ақиқат бар мен үшін:
Сенің жырың – тереңдік!
Сенсің биік мұнара!



Болат Ақнұр,
*«Меңдіқара ауданы білім бөлімінің
Ғаббас Жұмабаев атындағы
Боровской мектеп-гимназиясы» КММ,
7 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТКЕ АРНАУ

Өлең жазып тебіренем ойға қалып кейде мен,
Самал лепке шомыламын бетімді әркез үрлеген.
Бейімбеттей атама жыр жазайын деп шештім,
Қалам қағаз алдым қолға сол себепті бүгін мен.

Мен жетінші сыныптың оқушысы боламын,
Кейде өзімше ізденіп терең білім аламын.
Бейімбеттей атамның өміріне қызығып,
Кітап бетін сан рет мен ақтарып қарадым.

Қостанайдың тумасы соны мақтан етемін,
Бейімбеттей ақын туған деп мақтанып өтермін.
Еңбектері біздер үшін мағынасы мол терең,
Нағыз бақыт емес пе насихаттап жеткен күн.

Арпалыспен өтіпті қиын бопты тағдыры,
Елім, жерім, халқым деп жүрегі де аһ ұрды.
Өмір жолы Бейімбеттің тарих мәңгі сақталар,
Қайта көру жазбасыншы азабы мол сол күнді.

Ешқашанда ұмытпаймын жүрегімде сақтаймын,
Еңбектерін көп оқып үлгі етіп жаттаймын.
Ізденемін маман болып елім үшін қажетті,
Ел сенімін Бейімбеттей тұлға болып ақтаймын.



Басанова Диана,
*«Меңдіқара ауданы білім бөлімінің
Ғаббас Жұмабаев атындағы
Боровской мектеп-гимназиясы» КММ,
8 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТ АТАҒА АРНАУ

Бар қазақтың бағына жаратылған,
Бейімбет ата, елі үшін дара туған.
Рухыңызға бүгінгі күн басымды ием,
Жыр жазуға мен балаң белін буған.

Бейімбеттей – жазушысы қазақтың,
Шығармасы – туындысы ғажаптың.
Туып-өскен Қостанайдың жерінде,
Әдебиеттің отын шоқтай маздаттың.

Білім алған небір ұлы ойшыл ұстаздан,
Жастайынан тұлпар сынды алға озған.
Бала оқытып, ел ісіне қарасып,
Бейімбет ата шыңға биік қол созған.

Қырандай боп самғар қазақ көгінде,
Орның биік қазағымның төрінде.
Жазушысы, рухы биік қаламгер,
Сол үшін де сенім артқан еліне.

Қырандайын самғар қазақ көгінде,
Әдебиетте алар орын төрінде.
Бейімбеттей – ұлы дара тұлғасы,
Ұмытылмас мәңгі туған елінде!



Нұржан Абылайхан,
*«Сарыкөл ауданы білім бөлімінің
Барвинов жалпы білім беру мектебі» КММ,*
8 сынып оқушысы

ХАЛЫҚ ТУДЫРҒАН ТАЛАНТ

Сұлу, көркем кең даласы Қостанайым!
Сол өңірде туған дара жерлесім,
Қазақтың ұлы дана ағартушы.
Мұндық – құлдық талай көрген өмірінде
Бала кезден жетімдікпен күні өткен,
Бар жаһанға аты мәлім бүгін де екен.
Қазақ жұрты ұмытпас бұл адамды
Халқымыздың мақтанышы, қыраны
Тұла бойы надандықпен күрескен
Орындалды тілектері енді бүгін.
Ол кездегі мұқтаж күндер естен кетпес
Кейіпкері «Мырқымбайлар» сай келген
Бейімбет, Бірмағамбет деп ұмытпаймыз,
Еңбегімен тебіrentкен барша елді.
Өлең жазамын, айтамын мен еске алып
130 жыл өтсе де, біліп жүрмін
Ағамыздың халқына көп бергені
Ел жұртының қамын ойлаған Бейімбеттің
Шығармасы еңбегі артта қалды
Есімізден кетпейді, өшпес мәңгі!



Амангельдинова Амина,
*«Сарыкөл ауданы білім бөлімінің
Севастополь негізгі орта мектебі» КММ,*
7 сынып оқушысы

Б.МАЙЛИННИҢ - 130 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАУ

Қостанайдың ұлы, беделі
Жаңғыртуға әрине, керегі!

Жүз отыз жас мерейтойы,
Жақсылап тойлап береді

Бай рухани мұра қалғаның,
Прозаға дара жол салғаның
Бейімбеттің біз білеміз!
Жаламен кеткен жалғаның.

Айқапта жұмыс қылады
Ой-өрісі кең оның бұлағы.
Майлин десе халықтың,
Жан жүрегі өзі бұрады.

Ол жырлады, жазды да,
Талай шындық қазды да
Шындық үшін сіресіп,
Түрмеде талай азды да!

Біз білеміз шындығын,
Майлин үшін үн бүгін!
Шығып жатыр әлемде,
Ақтап шыққан жұлдызын!



Биркемелова Сымбат,
*«Наурызым ауданы білім бөлімінің
Шолақсай жалпы білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТТЕЙ АҚЫН

Қазақ елі бай ғой шіркін ақынға,
Жазушы мен батыры бар тағы да
Оның бірі Бейімбет қой қазақтың
Танымал ғой әлем менен жаһанға
Туған жері Қостанайдың төрі ғой,
Туған жерге еңбегі көп сіңді ғой.
Шұғаның белгісімен танылған
Қазақтың жүрегінен өз орнын тапты ғой.

Бұл өмірде көрді талай қиындық,

Мұндықты да, күндікті де өткеріп.
Пендесіне жіберілген тағдырдың
Сынақтары шыңдай түсті, жігер қып.

Соны менен қиындықты көріп өсті, Бейімбет,
Бар халықтың жүрегінен орын тепті, Бейімбет.
Сауат сыздық жою еді арман саған, Бейімбет,
Орындалды сол арманың ұлы тұлға, Бейімбет.

Оның барлық еңбегінде ғажап бар,
Әр сөзінде жігер менен қайрат бар.
Елдің қамын ойлап кеткен ағамыз,
Дара болды қазіргі әр қазақтан.



Такмухамбетова Нұрдана,
*«Лисаков қаласы білім бөлімінің
Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі,
9 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИНГЕ АРНАУ

Туылған Қостанайдың даласында,
Біліммен шыққан талай, дара шыңға.
Байларға мойынсұнбай адалдықты,
Паш еткен сол заманда аласұра.

Білім ап, медресе Ғалияда,
Ұстаздық қылды шәкірт дарияға.
Жетімдіктің зардабын ерте көріп,
Ата-анадан айырылған жанұяда.

Жазықсыз кете бардың тұтқындалып,
Артында Алаш деген жұртың қалып.
Есімің ел есінде асқақтайды,
Ұмытпас ұрпақтарың бұл күнде анық.

Мәуелі баға жетпес бәйтерегім,
Өзіндей ұл тумаса қайтер едім?
Кедейдің мұңын-мұндап, жоғын-жоқтап
Былығын бетке бастың бай төренің.

Алаштың атқа қонған азаматы,
Жанына желеу еткен ар-ұятты.
Қалдырған үлгі қылып дүйім жұртқа
Айтамыз өзің жазған әр кітапты.



Салихова София,
*КГУ «Школа-лицей отдела
образования города Лисаковск»,
учащаяся 8 класса*

ПОСВЯЩЕНИЕ БЕИМБЕТУ МАЙЛИНУ

Тобол течет сквозь годы,
И солнце обнимает Беимбета.
Носил он гордо жизненную ношу,
Достойную великого поэта.
Его припомнив, тополь серебристый
Дыханьем ветерка качает листья.
Как будто бы вчера сам Би-ага
Здесь отдыхал под кроною тенистой.
Я тоже рос в груди степи широкой
И с детства познавал ее уроки.
Не знал бы я величия степи,
Когда твои бы не читал я строки.
С твоим, Ага, героем Мыркымбаем
В одном строю уверенно шагаем.
Потомки Раушан, Шугы, Жалбыра,
О светлой жизни мы стихи слагаем.
Ты ввысь взлетел — рукою не достать,
Такой полет лишь соколу под стать,
И, словно Сокол, ты в гнездо родное
К нам возвратился, Би-ага, опять!



**Бирваген Юлия,
КГУ «Общеобразовательная школа № 6
отдела образования города Лисаковск»,
учащаяся 7 класса**

СВЯТАЯ ПАМЯТЬ БЕЙМБЕТУ

Родился Майлин в Костанайском уезде,
И был он там общеизвестен.
Он был учителем,
И для детишек вдохновителем.
Он был поэт, прозаик, драматург,
При жизни Сейфуллину был друг.
Талантливый, правдивый человек,
Ваше имя не забудем мы вовек.
Дозор, надзор, абсурдный приговор,
Но люди знали – оговор!
Помочь ему не в силах был никто,
Народ не понимал: «За что?»
Семью предали ужасам гонений,
Супругу Гульжамал к пяти годам мучений.
Забрали пятерых детей,
Чекистам не понять боль в сердце матерей.
Аукена-первенца в штрафбат,
«Он умер», - позже сообщат.
А четверых детей в детдом распределят.
Он испытал и радость, и смятение,
Как свои литературные герои.
Твоя судьба и их – одно сплетенье.
Беймбета помнят, почитают,
Ведь настоящие писатели не умирают!



Рспаева Асем,
«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің
№ 2 Ұзынкөл жалпы білім беретін мектебі» КММ,
8 сынып оқушысы

ДАРА АҚЫН!

Бейімбет Майлин ағамыз
Біздің дала тумамыз,
Қыпшақ деген тайпадан,
Шықты біздің бабамыз.

Қиындық көрді өмірде,
Бірақ еш қайқайғырмас.
Жастайынан айырылған,
Ата-анасын танымас.

Оқуға деген құмарлық
Болды ода туғаннан.
Бірақ, туды қиындық,
Сорлап оны жеңе алған.

Байларға ол құл болып,
Жүрді олардың артынан.
Күннен күнге жұмыс істеп,
Көре алмады бақытын/жастығын.

Біраз жерде оқып ол,
Көрсетті талай еңбегін.
Болмады оған жеңіл жол.



Қайырбек Айым,
*«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің № 2 Ұзынкөл
жалпы білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы*

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

Майлин біздің жарық беретін күніміз.
Ол болмаса қаламыз біз жарықсыз.
Майлин болмай надан болып қаламыз.
Сол үшін де ол біздің бабамыз!

Майлин, сенің жүрегінде біздің жанымыз.
Сенсіз тұрмайды денемізде жанымыз.
Сен болмасаң, болмайды бізде береке,
Сондықтанда бізге дарасың.

Майлин сенің көзінде күн жанар.
Бізді жылытатын от жанар.
Майлин сенің жүрегін алтындай.
Бізде болған ең қымбатты зат шығар!

Майлин бір қазақтың баласы
Қазақтардың тума біткен жағасы.
Майлин болмай, болмайды қазақ халқы да,
Сондықтанда Майлин қазақ баласы.



Жанабергенава Камила,
*«Федоров ауданы білім бөлімінің
Абай атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ,
9 сынып оқушысы*

АҚИҚАТТЫ АЙНАЛЫП ӨТПЕГЕН БИ АҒА

Ұрандаған сауатсыздық жойылсын деп,
Қазағымның болашағы білімде деп.
Жас ұрпақтың ар – намысын оятты ғой,
Ұстаз болды, кітап жазды қазағым деп.

Қазақ ұлы, алаштың зиялысы,
Жыр жазған ақыны мен жазушысы.
Сауатсыздық, кедейлікті жырға қосқан,
Бейімбет-ата – әдебиеттің бір данасы.

Арайлап атқан, қазағымның таңындай,
Сөз мөлдір, тау – бұлақтың суындай,
Әр сөзінде түбі терең сыры бар,
Жырлары да жанып тұрған жұлдыздай.

Дарытқан бойымызға сезім жырын,
Сөз еткен қазағымның бар ғұмырын.
Қуғын – сүргін құрбанына ұшыраған,
Сарп еткен бар өмірін қазақ үшін.

Ұшырап қуғын – сүргін азабына,
Көп қиындық көрген еді жас шағында.
Сонда да шындықты жырға қосып,
Үлкен сенім артты қазақ ұлдарына.

Ұмытылмас Бейімбеттей дара тұлға,
Халқымызға жол сілтеп болашаққа.
Аз ғұмырда қалдырған бар мұрасы,
Баға жетпес құндылық қазағыма.

«Жаңбыр», «Кедейлер», - деп жыр арнаған,
Қазағымның жүрек мұңын мұндаған
Жүз жиырма бес жыл туғанына бүгінде,
Бейімбет атам ұлы тұлға, данышпан.

Қазағымның «Би ағасы» атанған,
Қазағымды оятып ұрандаған,
Жазықсыз – ақ халық жауы атанып,
Тәуелсіздік жолында құрбан болған.

Қайсар елміз ер ерлігін ұмытпаған,
Ұлылар даналығын ұлықтаған.
Қазағымның даналарын, дараларын,
Жырлаудан ешқашанда жалықпаған.

Бейімбет атамызға жыр арнаймын,
Жырларының сырларын ұққандаймын.,
Жастайынан жетімдіктің дәмін татқан,
Қайсарлығын Бейімбеттің мен жырлаймын.

Әдебиетте өшпейтін із қалдырған,
Қара өлеңнің құдіретін ұғындырған.
Алаштың ардақты ұлы Бейімбет атам,
Қара көзді қазағым деп шырылдаған.

Өмірдің қиындығын көп көргенмен,
Қиындыққа бас ұрып түңілменген,
Мұқалмай басына ауыр іс түссе де,
Өлең – жырман бәріне төтеп берген.

Жырыменен найзағайдай жарқылдаған,
Жырлары жұлдыздай боп жарқыраған.
Кедейлікте ғұмыр кешкен қазағымды,
«Мырқымбай» тұлғасымен ұғындырған.